

Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

**Мектеп кітапханасының
2022- 2023 оқу жылы бойынша
жылдық есебі**

Егіндікөл

**2022-2023 оқу жылындағы Егіндікөл ауылының № 1 ЖОББМ
Мектеп кітапханасының жұмыс есебі**

Кітапхана мектептің екінші қабатында орналасқан, жалпы ауданы 54,6 кв. м. ш. Оқу залы жоқ, бірақ абонементте 4 отыратын орынмен оқу залы бөлінген. Жеке бөлме кітап сақтауға қарастырылмаған. Жарықтандыру, стеллаждардың орналасуы санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келеді. Мектеп кітапханасында барлық жұмыс мектептің оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру ерекшелігіне байланысты жүргізіледі.

Мектеп кітапханасы жұмысының негізгі бағыттары:

- оқушылар мен педагогтардың оқу-тәрбие процесін және өздігінен білім алуын ақпараттық-құжаттық колдауды қамтамасыз ету;
- жеке және бұқаралық жұмыстың дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларын жетілдіру;
- әдебиетпен жұмыс істеу кезінде оқушылардың оқырман қызығушылығын дамытуға білім беру ортасының ықпалына мониторинг жасау.

Оқырмандар саны, келушілер, кітап беру - кітапхана жұмысының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Барлық бақылау көрсеткіштері мектеп кітапханасының стандарттарына сәйкес келеді.

Кітапхананың негізгі кітап қоры 14043 дана. Оның ішінде оқулықтар 9373 дана.

2022-2023 оқу жылының негізгі бақылау көрсеткіштері: кітап беру (2415), келу саны (2000), оқу (17), кітап айналымы (1) бойынша орындалды.

"Бала тәрбиесін кітаппен ақылға қонымды әңгімеге үйрету және оны осындай әңгімеге құлшындыру біздің ойымызша, мектептің маңызды міндеттерінің бірі" - деп атап өтті Ушинский К. Д. бұл біздің кітапхананың басты міндеті.

2022-2023 оқу жылында мектеп кітапханасында бірінші тоқсанда онлайн түрде жұмыстар жүргізілді. Балаларды кітапқа тарту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды: виртуалды түрде мектеп бағдарламасын меңгеру мақсатында әртүрлі білім салалары бойынша ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен кітаптарды, ҚР басқарушы материалдарын, атаулы күндер бойынша материалдарды, өлкетану бойынша материалдарды насихаттау жүргізілді, оқырмандардың кітапқа деген махаббаты тәрбиеленді, оқу мәдениеті мен кітапхананы пайдалану дағдылары үйретілді. Қазақстан жазушыларының мұрасын насихаттау үнемі жүргізілді.

Кітапхана жыл сайын оқушыларды, педагогикалық ұжымды Президент Қ-Ж. Тоқаевтің Жолдауымен таныстыру бойынша жұмыс жүргізеді. «Оқуға құштар мектеп» атты жобасы іске асырылуы үшін жұмыстар жүргізілуде.

Құқықтық тәрбие бойынша кітаптарды насихаттау мақсатында бірқатар дауыстап оқу өткізілді:

"Біздің Республикамыздың рәміздері", "Білім туралы Заңға өзгерістер енгізу туралы", "ҚР Конституциясы туралы" 1-10 сыныптардан. Кітап көрмесі "Ашамыз Заңдар үшін" 9-10 сынып қараша айында. "Сенің құқығың" атты газет материалдарының кесінділерінен папканы безендірді».

1-10 сыныптар, сынып жетекшілері 8-10 сыныптар арасында әңгіме өткізді.
"Жастар туралы тұжырымдама", 4-7 сыныптарда қаңтар айында " Сенін құқығың - сенің міндетің " әңгімесі өткізілді.

2020-2021 оқу жылында адамгершілік тәрбие:

1. Әңгіме: ("зиянды заттар мен заң", "ЖЖЕ біл және орында", "21 ғасырдың обасы – COVID - 19", "сыпайылық әлемінде", "табиғатты қорғау туралы сөйлесейік"»)

2. Көрмелер ("Жер-Ғарыш-адам»)

3. Тақырыптық сөре»)

4. Әлихан Бөкейханов-Аңыз адам.

Эстетикалық тәрбие беру мақсатында.

1. Әңгіме (В. Коростылеваның " Королева Зубная Щетка", А. Тамбиевтің " Самые маленькие, самые большие "кітабы бойынша" Чистюлькино "еліне қош келдіңіздер", "Мир дикой природы", " Ағартушы педагог - Ы.. Алтынсарин."

Өлкетану

"Сен тұратын өлке"," айналамыздағы мәдениет", "әлемдік мәдениет".
"Воспеть прекрасное", "Путешествие в мир сказок", "И. Чуковскийдің өлеңдері бойынша сыпайылық сабақтары", "Все начинается с детства"Е. Елубаевтың " Смелчак " кітаптарына шолу.

2. ЖЖЕ бойынша көрмелер (жол белгілері еліне саяхат).

Кітапхана белсенділерімен үнемі өткізіледі.

Ай сайын атаулы күндер күнтізбесі жаңартылады. Кітапханашы кітапхана белсенділерімен бірге "кітап ауруханасы" жүргізеді, "өмір құқығы" атты қабырға газеті шығарылды. Келесі көрмелер безендірілді: мерейгер – кітаптар, кітап – ашық әлемге терезе, "кез келген есірткі-у!", Құқықтық бұрыш.

Оқу-тәрбие процесіне көмек:

1. Білім әлемінде-тақырыптық сөре

2. «Абай дана – Абай дара!»

3. «Біз оқитын 30 кітап»

4. Әлихан Бөкейханов: аңыз адам. - ақпараттық стенд.

5. "Білімді адам: ол қандай?"- әңгіме

6. Онкүндікке әдебиеттерді іріктеуге көмектесу-тақырыптық сөре

7. Оқушыларға көмек.

8. «Оқуға құштар мектеп» атты стенд, «Бір ел – бір кітап» атты стенд.

9. «Раритетті кітап» атты сырттай видео – презентация.

10. Кітапханаға саяхат.

11. Дауыстап оқу: М. Мақатаев, М.

Дәстүрлі түрде жоғары деңгейде кітапхана дайындаған келесі іс-шаралар өтеді:

"Оқырмандар қатарына қабылдау"»

Сауалнаманың нәтижелері оқушылар компьютерлік ойындарды, телевизиялық бағдарламаларды көруді қалай отырып, оқуға қызығушылық

таныта бастағанын көрсетті. Сондықтан балаларды оқуға тарту маңызды міндет болып қала береді. Оқушылар барлық іс-шараларға қуана қатысады. Кітапханашы ішкі кітапханалық жұмыс жүргізді:

- оқу жылы бойы оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету
- қалыптау, нөмірлеу, жазу
- көркем әдебиеттің сипаттамасы және орындарға орналастыру
- оқулықтарды тексеру бойынша рейдтер
- жеке жұмыс (жазу, әдебиеттерді іздеу)
- борышкерлермен жұмыс
- оқырман формулярларын өңдеу және орналастыру
- келушілерді есепке алу күнделігін толтыру
- картотеканы жүргізу
- есепке алу және есеп беру
- жиынтық кітаптарды толтыру
- сынып жетекшілеріне көмек көрсету
- мерзімді басылымға жазылу

Қойылған міндеттерді кітапхана толығымен орындауға тырысты.

Өткізген іс – шараның тақырыбы: Мұхтар Әуезовке – 125 жыл. «М.Әуезов – қазақ әдебиетінің тарланы»

Күні: қаңтар 2022 ж.

Мақсаты: Білімділік: Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу.

Дамытушылық: Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. Ойын ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиелік: Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: М.Әуезов портреті, кітаптар көрмесі, азаматтық шығармашылығына байланысты презентациялық слайдтар.

Қатысқан: 7 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Әдебимонтаж:

1-оқушы: Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы жерінде 1897 жылы жиырма сегізінші қыркүйекте туған. Алғашқыда 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан кейін орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы Семей қалалық бес кластық орыс қазына училищесіне оқуға түсіп, соңғы класында оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады.

2-оқушы: Училищені 1915 жылы аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойкұдық деген жерде сахнаға шығарады. (Мұхтар Омарханұлы Әуезов құрметіне шығарылған марка)

3-оқушы: Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады. Әуезов драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Әуезов кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л. Соболев («Абай»), С. Мұқанов («Ақан - Зайра»), Ғ. Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ә. Тәжібаев («Ақ кайын»), Ә. Әбішев («Намыс гвардиясы»), «Октябрь үшін» (1933) пьесасының материалдары - Жетісу қазақтарының революцияға келуі. Кейіпкерлері - Д. Фурманов, Ж. Бәрібаев. Кітаптың мұқабасында «Мұны жазуға Қ.Байсейітов, Бековтар қатысты» деген сөздер бар. Әуезовті әдебиетке «Еңлік - Кебек» алып келді. Шығарма өзегі - эпостық материал. Әлемдік әдебиеттегі мұндай тәжірибе енімді дәстүрлердің бірі. Әуезовтің «Еңлік - Кебекі» 1922 жылы Орынборда басылды. Кейіпкерлері сахна тілімен сөйлейді. Автор өзінен бұрынғы мотивтерден алыс кетпеген. Билер сахнасы - көркемдік тамаша табыс. Кемшілік, олқылықтарды ескеріп, Әуезов пьесаны 1943 жылы қайта жазды. Бірнеше көрініс қысқарды. Аса терең, мәнді шығарманың бірі - «Түнгі сарын». Бұл - қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды.

4-оқушы: Ол 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. 1961 жылы қайтыс болғаннан кейін Республика Үкіметі қаулы қабылдап, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтың аты беріледі, әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М.Әуезов атымен аталды.

5-оқушы: «Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтың «Абай жолы роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: Жырлайды жүрек. М. Мақатаевты оқимыз.

Күні: қаңтар 2022 ж.

Мақсаты: ілімділік:Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, ақынның өлеңдеріне арнап салынған қылқалам туындыларымен таныстыру.

тәрбиелік:Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

дамытушылық:оқушының сөйлеу мәдениетін дамыту

Көрнекілік құралдар: ақын портреті, слайдтар, кітап көрмесі, ақын туралы жазылған пікірлер.

Қатысқан: 7-8 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Мұқағали Мақатаев Алматы облысы, Райымбек ауданында, Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Мұқағалидің азан шақырып қойған толық аты – Мұхамметқали. «Пайғамбардың атын түгел айту балаға ауыр болады», - деп еркелетіп, қысқартып Мұқағали атап кеткен. Ақын 10 жасынан бастап өлең жаза бастайды. (Слайд көрсетіліт жатады)

Мұқағали өлең жазумен бірге шахматты, аңға шығуды, балық аулауды өте жақсы көрген.

Мұқағали 1949 жылдың көктем айында жары Лашынмен отау құрады. Ақынның Алмагүл,

Шолпан, Ләззат атты қыздары, Жұлдыз, Айбар деген ұлдары бар. Майгүл атты қызы 10

жасында көлік апатынан қайтыс болған. Қазіргі таңда ақынның төрт немересі бар. Ақынның аз ғұмырында артына қалдырған жалынды жырлары, оқырманын тәнті еткен «Ильич», «Ақ қайың әні», «Ару-ана», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Қырандастар», Чили-шуағым менің», «Шекарада», «Большевиктер», «Өмірдастан», «Арман», «Шолпан», «Досыма хат», «Отаным, саған айтам», «Райымбек! Райымбек!», «Кашкын», «Мопарт. Жан азасы» атты поэма-толғаулары бар. Ақынның өлеңдеріне ән жазылып, қазіргі эстрадада қалықтаған ән жұртының жүрегін жаулап алуған.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: «Қазақ дастарқаны» атты кітапқа шолу
Күні: наурыз 2022 ж.

Мақсаты: -қазақтың дастарқаны тақырыбына байланысты қосымша мәлімет алу;

Қатысқан: 1-11 сынып оқушылары

- **Өткізген іс – шараға қысқаша шолу:** Кітапқа шолу жасай отырып, ұлттық тағамдармен таныстыру. Нан - дастарханның көркі. Ауылдағы той дастарқанының сәні- бауырсақ. Бауырсақты ауылда әжелер мен апалар кара қазанға пісіреді. Қазан маңында бауырсақ жеп жүрген балалар ерекше көңілді. Балалардың көңілді, әрі қуанышты өмір сүруі үшін дастарқанға келетін бір түйір нанға қаншама адамның мандай тері сіңеді. Енді соған тереңірек тоқталайық.....
- Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына арналған әдеби кеш сценарийі.
- 28.09.2022



- М. Әуезовтың 125 жылдығына арналған әдеби кеш «Асқар тау алыстаған сайын айқын көріне түседі...»

- Мақсаты:
- Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, Абай жолы роман – эпопеясымен таныстыру. Оқушыларды ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, шығармашылық танымдарын толықтыру.
- Жабдығы: мультимедиялық орталық, ноутбук, баннер, плакаттар,
- Мұхтар Әуезовтің әдеби көрмесі
- «Мұхтар Әуезов - біздің бүгінгі адамзатқа ортақ мәдениет шеруіне қатысуда жолдама алып берген елшіміз»
- Н. Ә. Назарбаев.
- Жоспары:
- I бөлім - Ашылу салтанаты
- II бөлім - «Мұхтардың өзі де үлгі, өмірі де».
- Мұхтардың ғұмырнамасы
- III бөлім – Құнанбай мен Абайдың арасындағы диалог – көрініс
- IV - бөлім - Естелік бейнежазба
- V - бөлім - Қорытынды



Кітапханашы: Калиева М.С.